


**Сабақтың тақырыбы**

**Тасқа қашалған жазулар  
Өздік етіс**

**Қазақ тілі мен әдебиеті  
9-сынып 1-сабақ**

## Сабақтың мақсаты:

- 9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау;
- 9.5.1.1 өздік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.



Көне Түркі жазуларының сыртқы түрі бізге тасқа қашалған түрде, "баспа әріптері" түрінде жетті. Оның жазбаша түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Себебі маталарға, өңделген терілерге жазылуы мүмкін жазба әріптер бұл материалдардың төзімсіздігіне байланысты бізге жетпеді. Алғаш көрген адам бұл жазуларды бір Қарағанда Қазақ руларының таңбаларына ұқсатады. Яғни жазулар «жебе таңбалар», «ай таңбалар» және «тұмар таңбалар» мен «көз таңбалар», «аша таңбалар», «балық таңбалар» сосын «тарақ таңбалар» мен








**Күлтегін жазуы** – ежелгі түркі жазба ескерткіші. [Моңғолиядағы](#)

Қарабаласаған қаласының қираған орнынан солтүстікке қарай 40 км жерге, [Орхон өзені](#) бойындағы Эрдени Цзу монастырының (8 ғасыр) жанына орнатылған. Ескерткіштің биіктігі 3,15 м., ені 1,34, қалыңдығы 0,41 м. Тас бағана бес бұрышты қалқан тәрізді, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Күлтегін ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер 19 ғасырдағы батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жариялана бастады. Екі құлпытастағы құпия жазуларды түркітанушылар көпке дейін оқи алмай келді. Ғалымдар арасында тастағы белгісіз жазуларды көне кельт, гот, грек, славян, Скандинавия, финн, тіпті моңғол немесе қалмақ жазулары деген тұжырымдар болды.





**Орхон-Енисей жазба  
ескерткіші**

**(Ескерткіштен үзінді)**

**«Түркі бектері мен халқы,  
мұны естіндер! Қандай сөздерім  
бар болса, соларды мәңгі тасқа  
жаздырдым. Оларды көріңдер,  
ұғындар».**



**Бұл арнау сөздер түркі  
халықтарының кейінгі  
ұрпақтарына арналған.  
Мұндай тасқа қашалған  
ескерткіштер туралы жазылған  
деректер аз емес.**





# Жаңа сөздер мен терминология

өмір - ғұмыр

ірі - зор

ескерткіш - құлпытас

көне - ескі

аймақ - өлке

салт - дәстүр

# Өзіндік жұмыс

- **Оқылым. Жазылым.**
- **7- тапсырма. 6-7 бет. Мәтінді оқып, стилін анықта. Қою әріппен жазылған сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса.**



# Етістіктің түрлері

**Тұлғасына қарай**  
Негізгі: *кел, бар*  
Туынды: *шегеге*

**Мағынасына қарай**

**Құрамыны қарай**  
Дара: *айтты*  
Күрделі: *айтып барған*

**Тұйық:**  
*Көру, бергізу, нақтыла*

**Салт:** *жүр, ер, байла*  
**Сабақты:** *ата, көр,*  
*тап, ек*

**Болымды:** *кел, бар.*  
**Болымсыз:** *келме, барма.*

**Өздік етіс:** *көрінді*  
**Өзгелік етіс:** *айтқызды*

# Етіс

Қимыл мен орындаушының арасындағы  
байланыс

## Өздік

*Тара-н-ды*

Қимыл иесі  
істі өзі  
атқарады. Не  
істеді? Не  
қылады?

*Асан жуынды*

## Өзгелік

*Оқы-т-ты*

Қимыл иесі істі  
біреуге  
орындатады. Не  
істетті? Не  
қылғызды?

*Сурет  
салғызды.*

## Ырықсыз

*Жина-л-ды*

Қимыл иесі  
айтылмайды  
бірақ іс  
орындалады.  
Не істелінеді?  
Не қылынады?

*Сурет ілінді*

## Ортақ

*Тер-іс-ті*

Қимыл иесі  
бірнеше адам  
болады. Не  
қылысты?

*Олар тасысты*

## Өздік етіс

*Іс-әрекетті қимыл иесі өзі атқарады.*

түбір + *-ын, -ін, -н*  
не істеді? не қылды?  
*Асан жу-ын-ды.*



Қимь и, іс-әрекет орындаушысына, іс  
медне бағытталып, тікелей соған  
қатыстылығын білдіріп, әдетте сабақты  
етістіктерге **-ың, -ің, -н** жұрнағы жалғану  
арқылы жасалатын етістіктің түрі **өздік етіс**  
деп аталады. **Мысалы:** Таң атқанша  
тара**н**ды қ. Оқушылар ерте тұрып, жуы**н**ды.



# Өзіндік жұмыс

- **Жазылым.**
- *Грамматикалық талдау: «Тара, жу»*  
етістіктерін өздік етіс формасында жікте.

# Бағалау критерийлері

- Мәтіннің мазмұнын түсіне алады, бас әріппен жазылатын күрделі атауларды жаза алады;
- Мәтіннің мазмұнын түсіне алады, астарлы ойды анықтап, қолдана алады, күрделі құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жаза алады.



# Дескриптор

- Сабақтың тақырыбын аша білді.
- Көне түркі жазба ескерткіштерінің маңызын анықтады.
- Көне түркі жазба ескерткіштері туралы ақпарат алып, талдады.

#### *IV. Қорытындылау сұрақтары.*

*Көне түркі жазба ескерткіштері неше топқа бөлінеді?*

*Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері қай жерде табылған?*


*Көне түркі ескерткіштерінде не туралы жазылған?*

*Етіс дегеніміз не? Өздік етіс дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.*

#### *VII. Үй тапсырмасы.*

*8-жаттығу. 7-бет.*

*Төмендегі жоспарды ретімен жаз.*



Зейін қойып  
тыңдағандарыңыз  
үшін рахмет!!!